ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ГОРОДА ТАРАЗ
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2025 жылғы 5 қараша
Тараз қаласы

№ 2983
город Тараз

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБылАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі дәрежеде жасалады, бөлінген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

Қаржы бөлу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31–бабын, «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылығы 25 сәуірдегі №325 қаулысына сәйкес, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссияның кезектен тыс отырысының 2025 жылғы 10 қазандағы №2 шешімін басшылыққа ала отырып, Тараз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Шұғыл шығындарға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органның резерві» кіші бағдарламасы бойынша қарастырылған қаржы есебінен, Тараз қаласы Балтабай Адамбаев және Байзақ батыр көшелері бойынан өтетін Түйте каналының аумағында су деңгейінің көтерілуі мен жағалаулардың шайылуы салдарынан орын алған жағдай және аталған аумақтағы тұрғын үйлер мен инженерлік инфрақұрылым нысандарына қауіптің алдын алу, жағалауды нығайту мақсатында «Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын-жай коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 198 142 000 (жүз тоқсан сегіз миллион жүз қырық екі мың) теңге бөлінсін.

2. «Тараз қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қалалық бюджетке тиісті өзгерістер енгізсін.

3. «Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын-жай коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бөлінген қаражаттарды мақсатты және уақытылы игерілуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Н.Исабековке жүктелсін.

Қала әкімі **Б. Орынбеков**

000111